БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# Н ТУЫ

ІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ
ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

декабрь | Жұма | Шығуына 33 жыл. Жеке саны 20 тиын.

Партия ұйымдарының міндеті—идеологиялық жұмысты жете бағаламау сияқты зиянды әдетті мүлде жою, партия мен мемлекеттің барлық буындарында бұл жұмысты күшейту, марксизмге жат идеологияның қандай көріністерін болса да қажымай әшкерелеп отыру.

Г. М. МАЛЕНКОВ.

## ...дәрежесі

...алығында, совхоздар ...ағында дерлік және ... тұрақты киноустэ... ...йтін болды. Жұмыс... ...лхозшылар клубта... ...рмелерінің саны кө... ...ы облыста идеология ... саласын партия алға ...р дәрежесінде жүр... ...лардың толық бар

... партия ұйымдары ...зметкерлер идеоло... ...ңызына әлі күнге ...ді. Бұған бірсыпыра ...лады. Октябрь ау... ...итеті кадрлардың ...рияны оқып үйре... ...ылық етеді. Осы ...дағы, Сталин атын... ...» колхоздарындағы ...етін негізгі типті ... дәрежесі өте-мөте ...іқ тыңдаушылары ...спайды. «Қызылту» ...уына қамтылмаған ...сы сияқты жағдай-

# Жаңа жылды жаңа табыстармен қарсы алайық

☆ ☆ ☆

## Біздің артельдің өндірістік табысы

Совет Одағы Коммунистік партиясының XIX съезінің қарарларымен және көсеміміз Сталин жолдастың данышпандық еңбектерімен рухтанған көп миллиондаған совет адамдары сияқты, біздің артельдің коллективі де 1952 жылды жаңа өндірістік табыстармен аяқтағалы отыр.

«Молот» артелінің жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері партияның XIX съезінің құрметіне стахановтық вахтаға тұрып, еңбек өнімділігін бұрынғыдан да арттыра түсті.

Біздің артель 1952 жылдың өндірістік программасын 20 декабрь күні 11 процент орындап, 1953 жылдың есебіне өнім беруде.

Артель жұмысшылары мен техник қызметкерлері еңбек өнімділігін арттырып, өнім сапасын бұрынғыдан да жақсарта түсудің арқасында мемлекетке көп пайда келтірді. Артель коллективі 1952 жылдың 1 декабріне дейін 150 мың сом мемлекет қаржысын үнемдеп, көрнекті табысқа ие болды.

Өндірістік программаны орындап, өнім



Петропавл паровоз деposының токарі коммунист А. Цокало жаңа жылды сменалық тапсырмасын үнемі 300 процент орындаумен қарсы алғалы отыр.
СУРЕТТЕ: токарь **А. Цокало** жолдас. Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

## Жаңалық тапқыш стахановшылар

## 1953 жылғы 15 март— Азербайжан ССР жергілікті Советтерінің сайлауы

БАКУ, 23 декабрь. (СОТА). Азербайжан ССР Жоғарғы Советінің Президиумы Азербайжан ССР еңбекшілер депутаттарының облыстық, аудандық, қалалық, селолық және поселкелік Советтерінің сайлауын өткізу туралы Указ шығарды.

Сайлау 1953 жылғы 15 мартқа, жексенбі күнге тағайындалсын.

———

### ЖЕРГІЛІКТІ СОВЕТТЕРДІҢ САЙЛАУЫНА ӘЗІРЛІК

Москвада сайлау комиссияларының құрамына кандидаттар ұсыну басталды.

23 декабрьде «Красный пролетарий» заводында еңбекшілер депутаттарының Москва қалалық Советінің сайлауы жөніндегі сайлау комиссиясына өкіл ұсынылды. Станок жасаушылар қалалық сайлау комиссиясының мүшелігіне өндірістік циклды қысқарту жолындағы социалистік жарыстың бастаушысы —жаңашыл токарь Н. П. Юшинді бірауыздан сайлады.

«Серп и Молот» заводының мартен цехында көп адам қатысқан жиналыс болды. Жиналғандар облыстық және қалалық сайлау комиссияларына өз өкілдерін ұсынды. Москва облыстық Советінің сайлауы жөніндегі комиссияға заводтың таңдаулы болат балқытушыларының бірі А.

МЫСЫ

# ...н еңбекшілерге ...ціреййк

Малков жол-
...нэмі 125—
...ады. Кэзір
...акторларды
мерзімінде,
...ағы социа-
...ТС партия
жолдас со-
...уына үздік-
...Ол социалис-
...сын қабырға
көпшілікке
Үгітшілердің
...сты осылай
...інде МТС-те
...луг, 6 куль-
...кізілді.
...зда көктемгі
...алар Ф. Кор-
30 тырма, 8
...уден шығар-
Осы колхоз-
...на жолда...
... келеді. Бұ-
Міне, үгіт-
...шылық мін-
...жүргізілуінін
...
...гіт жұмысы-
жақсартуды
...теті 10 күн
...лық нұсқау-
...сте таңдаулы
...ргізу жөнін-
...бесі ортаға
...езд материал-
...қау беріледі
...атериалдарды
...

қадағалап, тексеріп отырады. Жақында аудандык партия комитетінің бюро мәжлісінде «Заря коммунизма», «Путь Ленина» және «Путь Ильича» колхоздары партия ұйымдарының секретарьлары П. Терэнин, Васильев, Белоногов жолдастардың партия ұйымының үгіт жұмысына басшылығы туралы баяндамалары тыңдалды. Бюро бұл колхоздардағы үгіт жұмысының кемшіліктерін атап көрсетіп, бұдан былайғы жерде үгіт жұмысын жаңа талапқа сай өрістете жүргізуді бастауыш партия ұйымдары секретарьларынан талап етті. Ол партия ұйымдарының жұмысына көмектесу үшін партия ұйымы жұмысын ұйымдастыруда тәжрибесі бар жолдастардан бірнеше адам жіберді.

Партиямыздың XIX съезінің қарарларын, Сталин жолдастың «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» атты данышпандық еңбегін және оның съездің қорытынды мәжлісінде сөйлеген тарихи сөзін кешкі партия мектебінде, саяси үйірмелерде оқып үйрену ісін бекітілген жаңа жоспар бойынша жүргізуге қызу әзірлік жүргізіп жатырмыз. Жаңа жоспар бойынша сабақты қалай өткізу жөнінде насихатшылардың кеңесі өткізіледі. Бұл жұмысқа алдағы январь айынан бастап кірісеміз.

Съезд материалдарын еңбекшілерге жете түсіндірудің саяси зор маңызы бар. Бұл жұмысты бәсеңдетуге болмайды. Сондықтан аудандық партия комитеті бастауыш партия ұйымдарына үгіт жұмысына нақтылы басшылық ету жөнінде үнемі ескертіп, оларға көмек көрсетіп келеді.

Кәзір ауданда жергілікті Советтердің ...



Приешім аудандық өндіріс комбинатының тігін цехы жылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындады.

СУРЕТТЕ: (алдыңғы қатарда) тігінші мастер **Т. Докучаева** жолдас. Ол сменалық нормасын үнемі 120—130 проценттен орындап жүр.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

## Аналарға қамқорлық

Сталиндік Конституцияда совет әйелдеріне шаруашылық, мәдениет, қоғамдық және саяси өмірге қатысуға ерлермен бірдей тең право берілген. Совет елінің әйелдері Коммунистік партия мен үкметтің зор қамқорлығына бөленген. Көп балалы және жеке басты аналар мемлекет тарапынан әрқашан жәрдем алып отырады.

Мемлекеттен жәрдем алып тұратын көп балалы аналар облысымызда көптеп саналады. Бір ғана Булаев ауданында үстіміздегі жылдың 11 айы ішінде жеке басты ...

# Халықтардың бейбітшілікті қорғау Конгресінен кейін

### Берлинде болған баспасөз конференциясы

БЕРЛИН, 23 декабрь. (СОТА). Кеше Берлиндегі баспасөз үйінде Венада болған халықтардың бейбітшілікті қорғау Конгресінен қайтып келген неміс делегациясының баспасөз конференциясы болды.

Неміс және шетел баспасөзінің өкілдері қатысқан баспасөз конференциясын бейбітшілік жолындағы күрескерлердің неміс комитетінің председателі профессор Василий Фридрих және Германияның бұрынғы канцлері И. Вирт басқарды.

Профессор Фридрих Конгрестің жұмысы әртүрлі елдерден келген делегаттары бірін-бірі толық құрметтеу жағдайында өткенін атап айтты.

Ол Конгрестің зор көлемді халықаралық манифестацияға айналғанын және халықтардың дүниеге көзқарасындағы айырмашылықтарға қарамастан, барлық халықаралық проблемаларды бейбітшілікпен шешуге мүмкіндік бар екендігін дәлел деп бергендігін атап көрсетті.

Профессор Фридрих герман проблемасын бейбітшілікпен шешуге арналған халықаралық конференцияда да, сол сияқты, Венада болған халықтардың бейбітшілікті қорғау Конгресінде де, неміс делегациясы мүшелерінің —Шығыс және Батыс Германия өкілдерінің арасында бірауыздылыққа қол жеткендігін ерекше атап айтты.

Бұдан кейін бұрынғы канцлер И. Вирт сөз сөйледі. Вена Конгресінде неміс делегациясының мүшелері арасында қол жеткен бірлік пен ынтымақтың үлкен маңызы бар екендігін Вирт та атап көрсетті.

Доктор Вирт неміс және Француз делегациялары арасында достық қарым-қатынастар орнауының маңыздылығын атап айта келіп, бұл қарым-қатынасты осы көршілес екі елдің бейбітшіл халықтарының бейбітшілік пен достықта өмір сүруге ұмтылып отырғандығының дәлелі деп сипаттады.

Баспасөз өкілдерінің қойған сұрақтарына доктор Вирттан басқа жазушы Арнольд Цвейг, А. Абуш және басқалары жауап беріп, сөз сөйледі.

Баспасөз конференциясында бейбітшілік жолындағы күрескерлердің неміс комитетінің бас секретары Г. Вильман қорытынды сөз сөйлеп, Вена Конгресі делегаттарының бейбітшілікті онан әрі нығайту және Шығыс пен Батыс Германия арасында келісімге жету жолындағы күресте табысқа жетуіне тілектестік білдірді.

# Кореядағы оқиғалар

### ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 24 декабрь. (СОТА). Корей Халық -Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі 24 декабрь күні былай деп хабарлады:

Өткен күні Корей Халық армиясының және қытай халық еріктілерінің құрамалары барлық майдандарда американ- ағылшын интервенттері мен лисынманшыл әскерлерге қарсы жергілікті маңызы бар ...

Бүгін Халық армиясының жағалаудағы артиллериясы Вонсан ауданының суына басып кіріп, бейбіт елді пунктке аюандықпен оқ жаудырған дұшпанның бір эсминецін елеулі түрде зияндады.

Халық армиясының зенит бөлімдері және жау самолеттерін атқыштар дұшпанның екі самолетін атып түсіріп, төрт самолетін зияндады.

